

"Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 7-1/713 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 қазанда № 12154 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 тіркелген, 2014 жылғы 27 қарашадағы № 232 (28455) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу қағидаларында:

13, 18 және 19-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты тасымалдау (жеткізу) және жою Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 тіркелген) бекітілген, Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар (бұдан әрі - ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар) талаптарын сақтаумен жүзеге асырылады.

«18. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай, міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінде тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық дәрігерінің нұсқамасы бойынша және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 18-03/127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 7590 тіркелген) бекітілген жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай-ақ, міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және өңдеу жүргізілетін жануарлар ауруларының

тізбесіне енгізілген жануарлардың аурулары шыққан жағдайда жүргізіледі.

19. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат анықталған кезде тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық дәрігері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 16-7/333 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 8662 тіркелген) сәйкес нысан бойынша оларды залалсыздандыру (зарарсыздандыру) жөнінде және/немесе санитариялық тазалау, жануарларды санитариялық сою туралы тиісті нұсқама береді.»;

21, 22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу жөніндегі іс-шаралар тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық дәрігерінің міндетті қатысуы кезінде жүргізіледі.

22. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуге тапсыру жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды аяқтағаннан кейін тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық дәрігері осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белгілеген нысан бойынша жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуге тапсыру туралы акт жасайды.

23. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың қайта өңдеуге тапсырылуы туралы актіге мемлекеттік ветеринариялық дәрігер, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеу жөніндегі ұйымның басшысы және жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың иелері қол қояды және әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарының белгілеген, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеу жөніндегі ұйым орналасқан жер бойынша ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшесі мөрімен бекітіледі.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Жеке және заңды тұлғаларға жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың не жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу қағидалары мен шарттарында:

14-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30

қаңтарындағы № 7-1/68 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізілімінде № 11127 тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына сәйкес берілген ветеринариялық паспорт;».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы С.Омаров

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі
Б. Сұлтанов

2015 жылғы 19 тамыз

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
Е. Досаев

2015 жылғы 9 қыркүйек